

**ҚР СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРІ Е.Х.ҚАЗЫХАНОВТЫҢ
ҚР ПАРЛАМЕНТІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ «ҚАЗАҚСТАННЫҢ
СЫРТҚЫ САЯСИ БАСЫМДЫҚТАРЫ: МІНДЕТТЕР МЕН
ПЕРСПЕКТИВАЛАР» ТАҚЫРЫБЫНДА ӨТЕТІН
«ҮКІМЕТТІК САҒАТТА»
СӨЙЛЕЙТІН СӨЗІ**

(Астана, 2012 жылғы 23 сәуір)

**Құрметті депутаттар!
Ханымдар мен мырзалар!**

Осыдан екі күн бұрын Мемлекет Басшысының қатысуымен Сыртқы істер министрлігінің кеңейтілген Алқа отырысы болып өтті. Онда Елбасы сыртқы саясаттың маңызды бағыттары мен басымдықтарын айқындап берді және Министрлікке алдағы кезеңге арналған нақты тапсырмалар берді.

Мемлекет Басшысы атап көрсеткендей, тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстан халықаралық аренада елеулі сыртқы саяси табыстарға қол жеткізді, әлемдік қоғамдастықтың беделді де жауапты мүшесіне айналды. Бүгінде біздің еліміз қауіпсіздіктің өзекті өңірлік және жаһандық проблемаларын шешуге тең дәрежеде қатысып, бұл іске өзінің лайықты үлесін қосып келеді. Қазақстан көптеген таяу және алыс шет елдермен достық қарым-қатынастар орнатып, өзара тиімді ынтымақтастықты дамыта түсуде. Соңғы жылдары біздің еліміздің Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына, Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа, Шанхай ынтымақтастық ұйымына, Ислам ынтымақтастығы ұйымына, Ұжымдық қауіпсіздік Шарт ұйымына және Түркі Кеңесіне төрағалық етуі

мемлекетіміздің биік халықаралық беделінің айқын айғағы болды.

Президентіміздің бейбітшілік сүйгіш және сындарлы сыртқы саясатының арқасында мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін қолайлы сыртқы жағдайлар жасалды. 20 жыл ішінде Қазақстан экономикасына 120 миллиард доллардан астам шетелдік инвестициялар тартылды. Әлемнің жетекші компаниялары еліміздегі ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға қатысуда. Бүгінгі таңда Қазақстан экономикалық өсу көрсеткіштері бойынша Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында ғана емес, сонымен бірге әлемнің көптеген елдері арасындағы жетекші мемлекеттердің бірі болып табылады.

Қазақстанның мемлекеттік шекарасының заңды тұрғыда ресімделуі сыртқы саясаттың аса маңызды жетістігі болды. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін реттеу мәселелеріне айрықша назар аударылуда. Теңіз айдынын шектеу және қорғау жөнінде тұжырымдамалық уағдаластықтарға қол жеткізілді.

Қазақстан дипломатиясының Мемлекет Басшысы алға қойған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуі халықаралық аренада біздің ұлттық мүдделерімізді одан әрі ілгерілету үшін байсалды негіз болып табылады. Осыған орай, Қазақстанның сыртқы саясаты бұрынғы кездегідей, елдің ішкі қажеттіліктері мен азаматтарымыздың үміт-мақсаттарына бағыттталатын болады.

Әлем бастан кешірген жаһандық қаржылық-экономикалық дағдарысқа орай Елбасымыз бізге **«экономикалық дипломатияны» күшейтуге** тапсырма берді. Мұның мақсаты - елді одан әрі жаңғыртуға,

Қазақстанның үдемелі индустриялық - инновациялық даму бағдарламасын іске асыруға жәрдемдесу.

Министрлік және шет елдердегі мекемелеріміз шетелдік инвестициялар мен жоғары технологиялар тарту жұмысын жандандыруға, елде басымдықты жобаларды іске асыруға жәрдемдесуге нақты бағыт ұстап отыр. Елдің экспорттық әлеуетін арттыру, Қазақстандық бизнестің мүдделерін ілгерілету, біздің тауарларымыздың сыртқы рыноктарға қол жеткізуі үшін қолайлы жағдайлар жасау Министрлік қызметінің маңызды міндеті болып қала береді.

Әлемде болып жатқан геосаяси өзгерістер біздің еліміз үшін де жаңа сынақтарды алға қояды. Бұл өзгерістер Сыртқы істер министрлігі қызметін ұдайы жетілдіруді, болашаққа көзделген міндеттерге түзетулер енгізуді талап етеді. Осыған байланысты, Министрлік өзінің алдағы уақыттағы қызметінде Мемлекет Басшысы бекіткен **Сыртқы саясаттың жаңа тұжырымдамасы мен Қазақстанның ұлттық қауіпсіздік стратегиясын** мүлтіксіз басшылыққа алатын болады.

Тұтастай алғанда, Алқа қорытындысы бойынша Елбасымыз белгілеп берген стратегиялық міндеттерді біз нақты іс-қимыл ретінде қабылдадық, ал айтылған ескертулерді күнделікті жұмысымызда толық ескеретін боламыз.

Құрметті депутаттар,

Біз халықаралық ұйымдар шеңберіндегі, бірінші кезекте **БҰҰ-дағы** белсенді қызметімізді ойдағыдай жалғастырудамыз. Еліміздің экономикалық өсуі бүгінде Қазақстанды ортадан жоғары даму деңгейіндегі мемлекеттер қатарына шығарды. Жан басына шаққандағы ЖІӨ (жалпы ішкі

өнім) деңгейі бойынша біз Шығыс Еуропа елдері көрсеткішіне біртіндеп көтеріліп келеміз. Тиісінше еліміздің мәртебесі реципиенттен халықаралық көмек донорына қарай өзгеруде. Осыған орай, біз Алматы қаласын көп тарапты дипломатияның субөңірлік хаб орталығына айналдыру және Алматыда БҰҰ Хатшылығының ірі офисін ашу міндетін алға қойып отырмыз. Сондай-ақ, 2017-2018 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып, ал 2013-2015 жылдары БҰҰ-ның Адам құқықтары кеңесіне сайлану мақсатын алға қойып отырмыз. Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін Министрліктің Үкіметпен және мемлекеттік органдармен бірлесіп белсенді жұмыс істеуі талап етіледі. Бұрынғы жылдардағы сияқты, Министрлік алдағы уақытта да сан алуан әлемдік мәселелер мен проблемалар бойынша айқын да түсінікті ұстаным қалыптастыратын болады.

Таяуда Сеулде өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі саммитте біздің Мемлекетіміздің Басшысы **ядролық қаруды таратпау және ядролық қауіпсіздікті нығайту саласында** бірқатар жаңа ұсыныстар жасады, бұларды кездесуге қатысушылар бірауыздан қолдады. Мемлекет Басшысы ядролық қауіпсіздіктің заң жүзіндегі міндетті бірыңғай стандарттарын, төтенше жағдайларға орай шұғыл әрекет етудің айқын тетіктерін, коммерциялық ядролық сектор үшін экономикалық преференциялар жүйесін қабылдауды ұсынды.

Қазақстанның ядролық қаруды таратпау саласындағы әлемге танылған лидерлік рөлі Мемлекет Басшысының прогресшіл бастамаларын ілгерілету орайында Министрлікке айрықша жауапкершілік жүктейді.

Біздің әлем мәдениетін дамыту жөніндегі күш-жігеріміз ЮНЕСКО тарапынан қолдау тапты, онда Қазақстанның

ұсынысы бойынша 2013 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі аралық Мәдениеттер жақындасуының халықаралық он жылдығы деп жарияланды.

Ислам ынтымақтастығы ұйымына төрағалық етуіміз Қазақстанның **Мұсылман әлемі мен Батыс арасындағы диалогты кеңейту туралы** тағы бір бастамасын іске асыруға мүмкіндік берді. Біз жинақталған тәжірибемізді алдағы уақытта Астана қаласында өтетін **Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері 4-інші съезінің** шеңберінде еліміздің «жаңғырту» үлесін арттыру үшін өркениеттер диалогын дамытуға пайдалануды жоспарлап отырмыз.

Біз жасыл технологиялар трансфертіне және трансшекаралық ынтымақтастыққа бағытталған Астаналық «Жасыл көпір» бастамасын іске асыру мәселелерін, қазіргі заманғы энергетикалық проблемаларды шешу мақсатындағы Жаһандық энергиялық-экологиялық стратегияны ілгерілетуді үстіміздегі жылғы маусым айында Бразилияда өтетін «Рио+20» Дүниежүзілік конференциясының талқылауына енгіземіз.

Алдағы уақытта өткізілетін **Астана экономикалық форумы** айрықша маңызға ие. Онда Президенттің әлемдік дағдарыстан шығу жөніндегі «G global» идеясы талқыланатын болады.

Мемлекет Басшысының тапсырмасына сәйкес, біз басқа да мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, Астанада **ЭКСПО-2017** өткізу жөніндегі өтінішті ілгерілетуге қатысты белсенді жұмыстар жүргізетін боламыз.

Құрметті депутаттар,

Бүгінгі таңда экономикалық және саяси дамудың әлемдік орталығы біртіндеп Азияға қарай ауысуда және Азия өңіріндегі елдермен экономикалық ықпалдасу айқындаушы үрдіске айналып келеді. Азия индустрияландырудың қарқыны, инвестициялар мен жаңа технологияларды тарту, энергияның экологиялық таза көздерін пайдалану бойынша көшбасшы болып табылады.

Осыған байланысты, сондай-ақ Еуропадағы қаржы экономикалық дағдарысын ескере келгенде, бізге сыртқы саясатымызды Азия елдерімен ынтымақтастықты кеңейтуге бағыттай отырып, теңдестіру қажет.

Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес, біз **Қазақстанның сыртқы саясатының «азиялық векторын» дамыту жөніндегі тұжырымдамалық көзқарастар мен практикалық шараларды** әзірлейтін боламыз. Мұның мақсаты - біз үшін өзекті болып табылатын азиялық мемлекеттермен қарым-қатынастағы жаңа сауда-экономикалық және инвестициялық стратегияны әзірлеу.

Бүгінде біздің барлық стратегиялық әріптестерімізбен: Ресеймен, Қытаймен, АҚШ-пен, Орталық Азия және Еуропалық Одақ мемлекеттерімен қарым-қатынасымыз сапалы жоғары деңгейде дамуда.

Ресей Федерациясымен одақтастық қатынастарымыз қазір еуразиялық экономикалық интеграцияны дәйекті дамытумен, ҰҚШҰ шеңберіндегі ынтымақтастықпен, тауар айналымының кеңеюімен сипатталады. Өткен жылы ғана бірінші рет біздің Ресеймен тауар айналымымыз 23 млрд АҚШ долларына жетті. Алдағы кезеңде біз мұнай-газ секторында, трансшекаралық су ресурстарын пайдалану

мәселелері бойынша, ғарыш, атом және басқа көптеген салаларда бірлескен жұмыстарымызды жалғастырамыз.

Қытаймен жан-жақты стратегиялық әріптестікті дамыту маңызды басымдығымыз болып қала береді. Біз Қытай рыногына мүдделіміз. Бізге Қытайға экспорттың құрылымын әртараптандыру қажет. Біз индустриялық-инновациялық даму, Қазақстанда импортты алмастыратын өндірісті жолға қою мақсатында бірлескен кәсіпорындар құру жөніндегі бағдарламаны іске асыруға Қытайдың жетекші компанияларын тарту бағытында жұмыс істейміз.

Мемлекеттік органдармен бірлесіп, Қытай аумағы арқылы қазақстандық тауарлар транзиті саласындағы мәселелер және трансшекаралық су ресурстарын бөлу мәселелері пысықталуда.

АҚШ-пен стратегиялық әріптестік шеңберінде энергетика, шағын және орта кәсіпкерлік, ақпараттық технологиялар салаларындағы бірлескен қызмет маңызды болып қала береді. Біз Қазақстан экономикасын индустрияландыру және әртараптандыру, ауыл шаруашылығын, ғылым мен білімді дамыту бойынша АҚШ-тың жетекші корпорацияларымен әріптестікке мүдделіміз. Сондай-ақ, Ауғанстанды тұрақтандыру, лаңкестікке және есірткі тасымалына қарсы күрес, жаппай қырып-жоятын қаруларды таратпау салаларындағы ынтымақтастығымыз маңызды болып табылады.

Біз «Үлкен сегіздіктің» (АҚШ, Ресей, Германия, Франция, Жапония және Италия) алты мемлекетімен стратегиялық қарым-қатынас орнатуға қол жеткіздік. Ұлыбританиямен, Канадамен, Бразилиямен, Оңтүстік Африка Республикасымен, Финляндиямен және Мексикамен

ынтымақтастықты кеңейте отырып, бұл жұмысты алда да жалғастырамыз.

Өткен жылы біз **«Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасын** іске асыруды аяқтадық, соның арқасында Еуропалық Одақ Қазақстанның ең басты сауда және инвестициялық әріптесіне айналды. Өткен жылы ғана біздің Еуропалық Одақпен арадағы тауар айналымымыз 50 млрд. АҚШ долларына жетті. Франциямен, Испаниямен және Италиямен стратегиялық әріптестік жөніндегі шарттарға қол қойылды. Біздің сауда әріптестеріміздің алғашқы ондығына Еуропаның алты мемлекеті кіреді.

Анықтама үшін: Италия (16 млрд доллардан астам), Франция (601 млрд доллар), Нидерланды (6,9 млрд доллар), Германия (3,7 млрд доллар), Австрия (4 млрд доллардан астам), Ұлфыбритания (1,5 млрд долларға жуық).

Инвестициялық ынтымақтастығымызда Еуроодақ елдеріне айрықша маңызды орын тиесілі.

Анықтама үшін: Нидерланды (8,8-9 млрд АҚШ долларына жуық), Ұлыбритания (10,2 млрд доллар), Швейцария (4,5 млрд долларға жуық), Франция (1,5 млрд доллардан астам), Германия (1,3 млрд доллар), Италия (500 млн доллардан астам), Бельгия (400 млн доллар).

Еуропа бағытындағы қол жеткен жетістіктерімізді үстемелей түсу үшін біз **Еуроодақ елдерімен кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық туралы жан-жақты келісім** жасасу жөніндегі жұмысты жалғастырамыз.

Біз ауқымды, болашаққа бағытталған, Қазақстан-Еуропа ынтымақтастығының мақсаттары мен принциптерін айқындайтын құжат қабылдауға бағыт ұстап отырмыз. Ол өзара іс-қимылдың барлық саласын қамтиды және Еуропамен

тең құқықты әріптестік тетіктерінің икемді жүйесін жасайтын болады.

Министрлік Еуропалық Одақтағы өзінің контрәріптестерін Қазақстанның әлеуметтік экономикалық және саяси дамуы туралы хабардар ету жөніндегі жұмыстарды тұрақты негізде жүргізуде.

Бұл ретте, Қазақстан Парламенті депутаттарының Еуропа Парламентіндегі өз әріптестерімен ынтымақтастығының маңыздылығы мен тиімділігін атап көрсеткім келеді. **Парламенттік дипломатия** елдің көптеген екі жақты және халықаралық мәселелер бойынша ұстанымын жеткізуге мүмкіндік беріп, Қазақстанның мүддесіне қатысты құжаттар мазмұнына елеулі ықпал етеді.

Бүгінде мемлекеттің сыртқы саясатын ел Парламенті депутаттарының Қазақстан мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдардың жұмыстарына қатысуынсыз елестету мүмкін емес. Мен бұл ретте парламенттік бірлестіктер мен одақтар (ЕҚЫҰ ПА, ЕОПА, НАТО ПА, ТүрікПА, ИЫҰ Парламенттік одағы, Парламентаралық Одақ, ТМД ПАА және басқалары) жайында айтып тұрмын. Парламентшілердің қызметі елдің халықаралық саясатын жүргізудің тиімді құралы болып табылады.

Біздің **ЕҚЫҰ-да төрағалық етуіміз** Қазақстанның сыртқы саясатының және тұтастай алғанда халықаралық қатынастардың жылнамасына жарқын жолдармен енді. ЕҚЫҰ саммитінің Астана декларациясы Қазақстан төрағалық еткен кездегі жұмыстар негізінде Ұйымның іс-қимыл жоспарын дайындау мен қабылдауды және оны ұзақ мерзімді перспективада дамытуды қоса алғанда, келесі төрағалықтарға арналған нақты тапсырмаларды қамтиды.

Осыған орай, Астана декларациясының ережелерін іске асыру біздің басты басымдықтарымыз болып қала бермек.

Сонымен бірге, Мемлекет басшысының аталған Ұйымның гуманитарлық кәрзеңкесіндегі белгілі ауытқушылықтарға қатысты әділ сынын ескере отырып, біз Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюро тарапынан сайлауларға бақылау жасаудың бірыңғай әдістемесін әзірлеу мәселесін ілгерілетуді жалғастырамыз.

Еуропа кеңесімен диалог дамытылуда. Қазақстанның таяуда Венеция комиссиясының толық құқықты мүшесі мәртебесін алуы айтарлықтай жетістік болды. Біз үшін өзекті болып табылатын Еуропалық конвенцияларға (қылмыстық істердегі құқықтық көмек, экстрадиция, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және т.б.) қосылу жөніндегі жұмыстар басымдықты болып қала береді.

Тұтастай алғанда, тәуелсіздіктің 20 жылы ішінде Қазақстан **барлық негізгі жалпыеуропалық құрылымдармен** әріптестік және сындарлы қатынас орнатты. Бұлар прагматизмге және біздің ұлттық мүдделерімізді қатаң ұстануға негізделген.

Құрметті депутаттар,

Қазақстан Президенті – Елбасының 3 млрд-тан астам халқы бар 24 мемлекетті қамтитын **Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті** (АӨСШК) шақыру жөніндегі бастамасының іске асырылғанына үстіміздегі жылы 20 жыл толады. Бүгінде АӨСШК өзара ықпалдастықтың жаңа деңгейіне өтуге жақындады, бұл, Кеңестің Еуразиядағы және халықаралық деңгейдегі қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіне барынша пәрменді түрде

қатысуын көздейді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, біз Кеңесті толыққанды Ұйымға айналдыру бойынша жұмыс істеуге кірістік. Осы идеяны алдымен үстіміздегі жылы күзде Астанада өтетін АӨСШК СІМК шеңберінде талқылауды көздеп отырмыз. Осы талқылаулардың қорытындылары бойынша тиісті шешім жобасын 2014 жылғы АӨСШК-нің 4-ші Саммитінің күн тәртібіне енгізуді жоспарлаймыз.

Солтүстік Африкада және Таяу Шығыста болып жатқан оқиғалар әлемдегі геосаяси жағдайды түбегейлі түлетуге қауқарлы осы өңірдегі терең өзгерістерді көрсетіп отыр. Осындай күрделі кезде Қазақстан **Ислам Ынтымақтастығы Ұйымының Сыртқы істер министрлері кеңесіне** төрағалық етуде. Мұндай шиеленіскен оқиғаларға қарамай, біз осы Ұйымға төрағалық етудің 2011-2012 жылдарға арнап белгіленген басымдықтарын тиісті мөлшерде іске асыра алдық.

Өткен жылғы маусым айындағы 38-ші Астана кездесуінде Ислам Конференциясы Ұйымының атауын Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы деп өзгерту туралы тарихи шешім қабылданды, Адам құқықтары жөніндегі тұрақты комиссия құрылды, ИЫҰ-ның Орталық Азиямен ынтымақтастығы жөніндегі бесжылдық іс-шаралар жоспары бекітілді. Астана декларациясы ХХІ ғасырдағы Мұсылман уммасының даму негіздері ретінде жаңғыру мен реформаға үндеген прогрессивті құжатқа айналды.

Қазақстан төрағалығымен жүзеге асырылған іс-шаралар кешені ислам әлемінің өзекті проблемалары бойынша ортақ ұстаным әзірлеуге және Ұйымның тиімділігін арттыруға жәрдемдесті. Мемлекетіміздің басымдықтары мен бастамалары 57 мұсылман елінің тарапынан қолдау табуы

саяси және экономикалық ұстанымдарды бекітуге септігін тигізеді және Қазақстанның ислам еліндегі биік беделін көрсетеді.

Қазақстан Палестина халқының заңды ұмтылысын халықаралық тұрғыда қолдауды жұмылдыруға, Сомалидегі гуманитарлық апатты еңсеруге елеулі үлес қосты.

Сириядағы шиеленіскен оқиға бүкіл халықаралық қоғамдастықтың алаңдаушылығын тудырды. Біздің төрағалығымызбен Джидда қаласында ИЫҰ Атқару комитетінің Сирия бойынша сыртқы істер министрлері деңгейіндегі төтенше отырысы болып өтті.

Кездесу нәтижелері бойынша Қорытынды Коммюнике қабылданды, онда Сириядағы жағдайды реттеу жөніндегі ИЫҰ-ның негізгі қағидаттары көрініс тапты. Басқаларымен қатар бұл бастамалар зорлық-зомбылықты тоқтатуға, бейбіт диалогты бастауға және Сирия ісіне шетелдік араласуға жол бермеуге шақыратын үндеулерді қамтиды. Бұл кездесу халықаралық байқаушыларды және ИЫҰ-БҰҰ-ның елдегі гуманитарлық жағдайды бағалау жөніндегі бірлескен миссиясын қабылдауға жәрдемдесті.

ИЫҰ төрағасы ретінде Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің Сирия бойынша жуырдағы шешімін қолдады және БҰҰ мен АЕЛ-дың арнайы өкілі К.Аннанның Жоспарын мүлтіксіз әрі уақытылы орындауға шақырған халықаралық қоғамдастықтың үндеуіне қосылды.

Қазақстан өтпелі кезеңде Сирия мемлекетін қолдау тетіктерін қалыптастыру жөніндегі жұмысқа бұдан әрі де белсенді түрде қатысуға дайын.

Иран төңірегіндегі жағдайға келер болсақ, біз мәселенің бейбіт, тек дипломатиялық тұрғыдан реттелуін жақтаймыз.

Тегеран өзінің ядролық бағдарламасының бейбіт мақсатқа бағытталғандығына халықаралық қоғамдастықтың көзін жеткізу үшін нақты іс-қимылдар атқаруға тиіс. Біз Иранды ядролық қарусыздануға тарихи үлес қосқан Қазақстаннан үлгі алуға бірнеше мәрте шақырдық.

Қазақстан келіссөз жүргізуші елдердің «алтылығы» мен Иран арасындағы диалогтың жалғасын табуын қолдайды. Тараптар өзара тиімді шешімдерге қол жеткізеді деп үміт артамыз.

Орталық Азия өңіріндегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету өзекті стратегиялық міндет болып қалуда. Жаңа қыр көрсетулердің ұдайы артып отырғанын ескере отырып, Қазақстан қауіпсіздігіне төнуі мүмкін қатерлерді болжамдау және олардың алдын алу мақсатында, біз алда да Орталық Азиядағы даму жағдайына мониторинг жүргізуге ниеттіміз. Сондай-ақ, біз Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастықтың оңтайлы түрлері мен әдістерін іздестіру және іске асыруды өзіміздің басты міндеттеріміздің бірі ретінде көреміз, бұлар тәуелсіз мемлекеттердің ұлттық мүдделерін жалпы өңірлік интеграциялық қажеттіліктермен үйлестіретін болады.

Осы тұрғыда:

- екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты үйлестіруді, терроризмге, экстремизмге, ұйымдасқан қылмыс пен есірткіге қарсы күрес салаларындағы шарттық-құқықтық базаны жетілдіру;

- қауіпсіздік саласындағы көпжақты құрылымдарды (ҰҚШҰ, ШЫҰ, ТМД Терроризмге қарсы орталығы, БҰҰ, ЕҚЫҰ, НАТО) іске қоса отырып, көрші елдеріміздің оңтүстік шептерін нығайту бойынша бірлескен алдын алу шараларын жүргізу;

- діни экстремизмге қарсы тұру мақсатында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қаралады.

Тұтастай алғанда, Қазақстан Президенті ұсынған болашақта **Орталық Азия мемлекеттерінің одағын** құру перспективасымен интеграциялық үдерістерді ілгерілету мақсатында көп жоспарлы ынтымақтастықты жалғастыратын боламыз.

Осы ретте, біз түркі тілдес мемлекеттердің ынтымақтастығын (ТМЫК, ТҮРКСОЙ, ТүркПА, Түркі академиясы) институционалдық дамыту жөніндегі жұмысты да жалғастыратын боламыз, бұл ынтымақтастық өңірді интеграциялық жақындастыруда өз рөлін атқаруға бағытталған.

Сонымен бірге, біз **Ауғанстандағы** жағдайды қалыпқа түсірмей, өңірімізді ұзақ мерзімді тұрақты дамыту туралы айтпай кете алмаймыз. 2014 жылы коалиция күштері шығарылғаннан кейін Ауғанстанның қауіпсіздігін және экономикалық оңалуын қамтамасыз ету мәселесі Қазақстанды қоса алғанда, Орталық Азия елдері тарапынан зор назар аударуды қажет ететін болады.

Біз өңірдегі экономикалық және саяси аспектілердегі мүдделерімізге сәйкес келетін бағыттар бойынша жұмыстарды жалғастыратын боламыз.

Бұл АИР экономикасын оңалтуға, Ауғанстанға гуманитарлық және коммерциялық тауарлар жеткізуді ұйымдастыруға Қазақстанның қатысуын кеңейту мүмкіндігіне қатысты. Қазақстан жоғары оқу орындарында ауған студенттерін бейбіт мақсаттағы кәсіптерге оқыту жөніндегі білім беру бағдарламасы оң қырынан танылды.

Тұтастай алғанда, халықаралық дамуға жәрдемдесу туралы сөз ете отырып, Қазақстанның әлемдік аренадағы рөлі мен беделін одан әрі көтеру мақсатында шет елдерге қаржылық, техникалық және басқа да көмектер көрсету салаларындағы ұлттық саясаттың мазмұны мен негізгі бағыттарына жүйелі көзқарас болуын жақтайды.

Құрметті депутаттар,

Шет елдерде қазақстандық жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау қашан да сыртқы саясат ведомствосының маңызды міндеттерінің бірі болып қала береді.

Тәуелсіз 20 жыл ішінде біз кең ауқымды міндеттер атқаратын кәсіби консулдық жұмыскерлердің тұтас бір шоғырын тәрбиелей алдық, көп жағдайда төтенше жағдайлар, табиғи және техногенді апаттар туындаған жағдайларда шет елдердегі азаматтарымызға құқықтық көмек көрсету кезінде әрі адвокат, әрі консультант болып жұмыс істеуге қол жеткізе алдық.

Қазіргі уақытта біздің консулдық корпустың жұмысы Еуропалық Одақты қоса алғанда, шет мемлекеттермен визалық тәртіпті **Қазақстан азаматтары үшін жеңілдетуге** бағытталған.

Министрлік **талдау және болжамдау жұмыстарының** сапасын ұдайы арттырып келеді. Біздің ойымызша, әлемдегі жағдайлар дамуының маңызды үрдістерін талдау және болжам жасау жөніндегі жұмыстарды Парламентпен бірлесіп жүргізу Қазақстанның сыртқы саяси мүдделерін ілгерілету сапасын арттыруға ықпал ететін болады.

Осыған байланысты біз Парламенттің қос палатасының Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеттерінің төрағалары мен хатшыларын Сыртқы істер министрлігі аясында жаңадан құрылатын **Сыртқы саясат жөніндегі кеңес** қызметіне қатысуға шақырамыз. Бұл кеңес Қазақстанның сыртқы саяси бағытын тиімді жүзеге асыру және ұлттық мүдделерімізді қорғау мақсатындағы әртүрлі бағыттар бойынша сараптамалық шешімдер мен ұсынымдар әзірлеудің қосымша құралы болуға тиіс.

Құрметті депутаттар,

Белгілі бір тұрғыда мемлекетіміздің айнасы болып табылатын дипломатиялық қызмет қызметкерлерін әлеуметтік-материалдық жағынан қамтамасыз ету жөніндегі мәселелерге түсіністікпен қарап, қолдау көрсеткендеріңіз үшін Сіздерге ризашылығымызды білдіреміз.

2010 жылғы желтоқсанда «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды. Онда шетелде мектеп жасына дейінгі балалардың оқуы үшін ақы төлеу, кездейсоқ жағдайлар туындаған кезде дипломатиялық қызмет персоналына біржолғы төлемақы төлеу көзделген. Сондай-ақ халықаралық ұйымдарға жұмысқа жіберілетін лауазымды тұлғалардың құқықтық мәртебесін реттеу, оларды әлеуметтік жағынан, зейнетақымен және медициналық қамтамасыз ету мәселелері өз шешімін тапты.

Сонымен бірге біздің шет елдердегі қызметкерлеріміздің отбасы мүшелерін әлеуметтік жағынан қамтамасыз ету мәселесі шешуді талап етуде.

Сондай-ақ әскери-саяси жағдайлары тұрғысынан ауыр және қолайсыз деп саналатын мемлекеттерде (Ауғанстан, Таяу Шығыс және Солтүстік Африка елдері) жұмыс істейтін дипломаттар мен техникалық персоналды, олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік жағынан қорғауды жетілдіру қажеттілігі де барынша өзекті деуге болады.

Осыны ескере келгенде, Министрлік «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» Заңға тиісті түзетулер енгізуге бастамашы бола алар еді.

Біздің дипломатиялық өкілдіктеріміздің инфрақұрылымын дамыту мәселелері де маңызды болып отыр. Қазір әлемнің 24 мемлекетінде 49 меншік объектісі бар. 1993 жылдан бастап **39** объекті сатып алынды және жылжымайтын **10** объекті салынды. Қазіргі күндері **Германияда, Украинада, Өзбекстанда, Біріккен Араб Әмірліктерінде** ғимараттар құрылысы жүргізілуде. Бүгінде Қазақстанның шет елдегі меншігінің нарықтық құны тұрақты өсуде. Бұл әрдайым кіріс әкелетін пайдалы инвестициялар және ол еліміздің мүддесіне сай жасалуда.

Министрлік Үкіметпен бірлесіп, аталған мәселелерді шешу жұмыстарын жалғастыруда. Осыған байланысты болашақта Парламенттің қарауына тиісті заң жобалары енгізілген кезде Сіздердің қолдайтындықтарыңызға сенеміз.

Ал бұл шаралардың бәрі дипломатиялық қызмет персоналын әлеуметтік қорғау деңгейін және Сыртқы істер министрлігінің кадрлық әлеуетінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Құрметті депутаттар,

Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Парламентімен тығыз жұмыс істеуге айырықша мән беріп келеді. Өзара ынтымақтастығымыздың бүгінгі жоғары деңгейі жақсы нәтижелерге жеткізуде. Бұл болашақтағы басымдықты міндеттерді анықтауға және біздің бірлескен қызметімізді ойдағыдай үйлестіруге мүмкіндік береді. Сыртқы істер министрлігі алдағы уақытта да осындай тәжірибені нығайтып, жетілдіре беруге әзір.

Сөзімді аяқтай келе, еліміздің сыртқы саяси ведомствосы, бұрынғы кездегідей, келешекте де ұлттық мүдделерімізді қорғау және Қазақстанның халықаралық аренадағы беделін нығайту үшін барлық күш-жігерін жұмсай береді деп сендіруге рұқсат етіңіздер.

Назарларыңызға рахмет!